

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**8D04201 – ҚҰҚЫҚТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША КАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қостанай, 2019

НЕГІЗГІ БӨЛІМ **(Пәндер мазмұны)**

«Құқықтың жалпы теориясының қазіргі мәселелері» пәні бойынша тақырыптар тізбесі және ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Құқықтың жалпы теориясы мемлекет және құқық теориясы сияқты жалпытеориялық және әдістемелік ғылым болып табылады. Ол юридикалық ғылым және ғылыми пәндердің басым көпшілігінің және қызмет етуі мен дамуына тікелей немесе жанама қатынасы бар, өте күрделі және жауапты міндеттерді орындайды және соңғысына белгілі бағыт пен бағдар береді. Ол салалық юридикалық ғылым және салалық пәндердің “өз” саласына ғана тән заңдылық пен даму бағытын және олардың ерекшеліктерін тануда тұғырлық және терең көзқарас тұрғысынан зерделеп, барлық құқықтық құбылыстар үшін ортақ заңдылық пен даму бағытын ашады. Көбінесе, құқықтың жалпы теориясы нәтижелеріне аяқ тірей отырып, соңғысы салалық нормативтік құқықтық реттеу мен ықпал етудің бұрын соңды ашылмаған, жаңа қырын ашу мүмкіндігіне, қоғамдық қатынасты дамыту бағытына құқықтық “араласудың” аралық және соңғы салдарын басқа кең көзқарас тұрғысынан байқау және бағалауға ие бола алады. Мемлекеттанудың негізгі салаларына келсек, онда олар құқықтың жалпы теориясының қызмет етуі нәтижесіне негізгі қарай алмайды, басқаша айтқанда, мемлекет пен құқық қатынасы бір ғылымның біртұтас пәні ретінде үнемі бір бірімен тоғысады: және осы кезде құқықтың жалпы теориясының ережелері мен байлам-түйіндерісіз олардың түсініктері, әлбетте біржакты және бірқырлы болып табылады.

Негізгі, соның ішінде салалық, юридикалық ғылымдар мен пәндер аппараттары үшін құқықтың жалпы теориясының ұғымдық-түсініктемелік аппараттарының әсері өте маңызды. Біріншіден, негізгі құқықтанушы ғылым мен пәндердің осындай аппараттарына деген құқықтың жалпы теориясының ұғымдары мен түсініктерінің әсері туралы айтылады. Әдеттегідей, құқықтың жалпы теориясының ұғымдары мен түсініктері құқық құрылысын толығымен қамти отырып, оның барлық салаларына тән ортақ белгілер мен қасиеттерді: олар, жекелеп алғанда, заңның үстемдігі қағидасынан туындайтын, бекітілген нормативтік құқықтық актілер иерархиясын қатаң сақтау қажеттілігіне, құқыққорғау үдерісінің кезектілігі мен сатылы екендігін тәптіштеп және т.б. негізделіп келе, олардың арасына ұқсастық белгісін қоюға келмейтінін, құқық пен заңды айыруды талап етеді. Құқықтың жалпы теориясымен дайындалған ұғымдары негізгі юридикалық ғылымдар мен пәндерде кеңінен қолданылады, бірінші кезекте, құқықтанудың басқа да салаларында қолданылады. Соңғылары үшін келесі ұғымдар құқықсубъектілік, объективтік және субъективтік

құқық, құқықтық идеология, континуитет және т.б., бұлардың әр біреуі ұғым ретінде дайындалып, танымның құралы ретінде қызмет атқарады.

Магистратураға арналған үлгі бағдарламаны әзірлеген кезде, елдің барлық қоғамдық өміріне тән үдерістерге сай болып жатқан қазіргі кезеңде юридикалық ғылым жүйесіндегі мәнді өзгерістер ескерілді. Олардың шеті құқықтың жалпы теориясына да тиді. Мемлекет және құқық теориясы құрылымында құқықтың жалпы теориясы бұрынғыдай қосымша рөл атқарғанын қойды және де ол баяу алдынгы шепке қадам баса бастады. Бұл құқық пен мемлекет ара қатынасында мемлекет пен құқықтың байланысы анығырақ және көрінеу сызыла бастауымен, нормативтік құқықтық актілер мазмұнындағы ұйғарымның мемлекеттік органдармен лауазымды адамдардың міндетті түрде есепке алуымен байланысты. Көптеген елдерде құқықтық нормаларды ресми инстанциялардың елемейтін төзбейтін деректерге айналды. Мемлекеттік және қоғамдық өмір үдерісінде конституцияның және басқа да тұғырнамалық нормативтік құқықтық актілердің ықпалы қадам сайын күшейе түсті. Үлгі бағдарлама авторлары магистранттарға қоғамның өміріндегі құқықтың үнемі өрлеуші және күшеюші бағыттағы рөлін терең түсіндіруді және ұғындыруды мақсат тұттық, олар өздерінің қызметі барысында өмірге осы бағытты орнықтыруға жәрдемдеседі деген үмітпен тырыстық. Аталмыш үлгі бағдарламаны құрудағы ескерілген бір жағдай - құқықтың жалпы теориясы дамуындағы ғылыми-әдістемелік проблеманың өрлеуші рөлі. Осыған орай құқықтың жалпы теориясы өз пәнін терең және жан-жақты тану, бәрінен бұрын қоғамдағы нақты жағдайға сәйкес келмейтін, бірақ билікте отырған қоғамдық күштердің ағымдағы қажеттілігін отеп отырған, соңғыларының саяси және идеологиялық бағытын көрсететін бұрыннан қалыптасқан ережелер мен байламдарды жеңеді және жояды. Құқықтың жалпы теориясының ғылыми-әдістемелік өрлеуші камсыздандырылуы оның философиямен, саясаттанумен, әлеуметтанумен, экономикалық теориямен және тағы с.с. нақты, соның ішінде салалық юридикалық ғылымдармен және пәндермен өзара қатынасымен айтылады. Ол тек аталған ғылымдар мен пәндер тарапынан гана ғылыми-әдістемелік ықпалды сезбейді, сонымен қоса өзіндік күшейткіш дәрежесі оларға кері әсерін тигізеді.

Қазіргі кездегі құқықтың жалпы теориясының қызмет етуі мен дамуы оның ұзақ жылдар бойы болған және әлі де оның әрекетін сынайтын дағдарысты жеңудегі белсенді әрекетімен сипатталады. Құқықтың жалпы теориясының негігі ережелері мен байлам түйіндерінің саясиленуі мен идеологиялануы, яғни оған партиялық қағиданы қатаң міндеттеп жүктеудің салдарынан бұл пәнге мәнді зиян келтірілді, оның ғылыми-әдістемелік деңгейі көп төмендеді, нақты потенциалы әлсіреді, тәжірибелік “өнімі” нашарлады. Бірақ оған төндірген және тән емес бөтен, яғни кеңестік кезеңмен байланысты және оны бұрмалаған нәрселерді сыни тұрғыдан гана қарау емес,

бастысы

- құқықтың жалпы теориясының ғылыми жүгін толтыру, оның қызмет ететін және дамитын болмысын сауықтыру, оған қажетті бағдар және дұрыс бағыт беру. Үлгі бағдарламаның басты ерекшелігі болып Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы.

Үлгі бағдарлама магистранттарды көрсетілген міндеттерге жетуіне бағыттайды. Ол олардың бакалавриатта меңгерген білім деңгейін есепке ала отырып, осыған негізделіп, аралас және тектес проблемалар қатпарын қозғай келе, таным-білімге келесі қадам жасауға ұмтылады. Сондай-ақ магистранттардың юридикалық дүниетанымын кеңейтуге, олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін дамытуға жәрдемдеседі.

Үлгі бағдарлама қазіргі қазақстандық және шетелдік (әсіресе - ресейлік) әдебиеттерде бекіген құқықтың жалпы теориясы дамуының қазіргі деңгейін бейнелейді. Ол кейбір ғылыми пікірталастар мен талқылауларды сабаққа тартады және талдау жасауды қарастырады.

Курс он сегіз үлгі тақырыптарын құралған. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі берілген, семинар (тәжірибелік) сабақтарын жүргізу мен академиялық жұмыстарды жазудың болжамды тақырыптарының тізімдері берілген.

Ұсынылған үлгі бағдарламаның тақырыптар тізімі толық емес. Қажетті кезде жоғарғы оқу орындарының шешімдерімен толықтыруға және қысқартуға болады, бірақ тақырыптардың жалпы бағыттылығын қажетінше сақтау керек.

Тақырып I. Құқықтың жалпы теориясының алатын орны мен маңыздылығы

Құқықтың жалпы теориясы құқық туралы білімді үнемі тереңдетудегі, дамудағы және тұтас жүйе болып табылатын ғылыми пән ретінде. Құқық арнайы ғылыми зерттеу объектісі ретінде. Оның ерекшеліктері мен белгілерін және қоғам өміріндегі орнын ашып көрсету.

Құқықтың жалпы теориясы мемлекет және құқық теориясы сияқты біртұтас және бүтін ғылымның ең негізгі және жетекші бөлігі ретінде. Құқықтың жалпы теориясы мен мемлекет теориясының тығыз өзара эрекеттесуінің өзегі ретінде жалпы мақсаттары мен міндеттерінің, қостұтас пәнінің болуы, зерттеу әдістемесінің жалпыламалығы.

Құқықтың жалпы теориясы мен аралас гуманитарлық ғылымдар (философиямен, әлеуметтанумен, саясаттанумен, экономикалық теориямен) және нақты юридикалық пәндермен (соның ішінде салалық) ара қатынасы.

Айқын юридикалық бағыттылығы мен табиғаттылығына ие

гуманитарлық білімнің бір түрі ретіндегі құқықтың жалпы теориясының ерекшеліктері.

Құқықтың жалпы теориясының пәні. Құқықтың жалпы теориясы пәні мен оның объектісінің ара қатынасы: пән мен объектісінің айырмашылығы, көрсетілген сұрақты талдаудағы ғалымдардың әртүрлі көзқарастары. Осы ғылыми пәннің құқықтың жалпы теориясы пәні объективтік құрамдас бөлігі, ал әдісі - субъективтік құрамдас бөлігі ретінде.

Құқықтың жалпы теориясының әрекеттену үдерісіндегі пән мен әдістің үйлесу нысандары. Пәннің - әдіске, ал әдістің - пәнге “қосылу” мүмкін еместігі; құқықтың жалпы теориясы пәнінің ерекшеліктеріне қарай оның әдістері арқылы есепке алу қажеттілігі.

Құқық дамуын анықтайтын заңдарды тану. Олардың табиғи заңдардан е материалдық әлем объектілері дамиды заңдардан айырмашылығы және олардың сипаттары. Юридикалық заң және қоғам даму заңдылығы: олардың ара қатынас нысандары.

Құқықтың жалпы теориясы қалыптастыратын ұғымдар мен түсініктердің ерекшеліктері. Құқықтың жалпы теориясы пәнін танудағы олардың орны.

Құқықтың жалпы теориясының заңгерлердің кәсіби сапалығы мен юридикалық көзқарастары және де азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының өсуіне ықпал ету нысандары.

Заңгерлердің юридикалық көзқарастарымен кәсіби қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына және де азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің өсуіне құқықтың жалпы теориясының ықпал ету нысандары.

Нақты юридикалық, соның ішінде салалық, юридикалық пәндердің (құқықтық дамуының жалпы қағидаларын дайындауда, және жалпы құқықтық ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыруда) қызметтенуіне құқықтың жалпы теориясының өрлеуші ықпалы. Құқықтың жалпы теориясының қызмет етуіне және дамуына керісінше нақты, соның ішінде құқықтық, салалық, юридикалық пәндердің ықпалы.

Теориялық немесе тәжірибелік жағдаяттарды шешуді талап ететін ретіндегі мәселе. Қандай да бір құбылыстарды, объектілерді, үдерістерді түсіндірудегі қарама қайшылық позиция түрінде шығатын, қарама қайшылық жағдаяттарды тумамай қоймайтындығы және заңдылығы. Сондай, ақ оларды шешу үшін жүйелі жинақтауды.

Такырып 2. Құқықтың жалпы теориясының қазіргі кездегі әдіснамалық мәселелері

Әдістемені анықтаудағы әртүрлі тәсілдер. Танудың жалпылама (философиялық)

әдістемесі және зерттеушінің дүниетанымы.

Құқықтың жалпы теориясындағы жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістемесінің үйлесуі. Жалпы ғылыми әдістеменің негізгі талаптары және құқықты зерттеудегі жеке ғылыми әдістерді қолдануда

олардың ықпал етуі. Құқықтың жалпы теориясындағы эксперименттік, нақты-элеуметтік, статистикалық, салыстырмалы, кибернетикалық, формальды-догматикалық әдістерді кеңейте қолдану.

Құқықтық құбылыстарды зерттеу, түсіндіру және талдау үдерісіне саиалық сол сияқты және сандық көрсеткіштерді қолдану.

Құқықты зерттеу және үйрену логикасы. Ғылыми ойлау тәсілдері: талдау (анализ), сомдау (синтез), дедукция, болжау (гипотеза). Юридикалық ойлаудың ерекшеліктері. Құқықтың жалпы теориясындағы ақиқатқа жету міндеті. Құқықтық норма ақиқаттылығы туралы сұрақты қою мүмкін еместігі. Осы сұрақтар бойынша ғалымдардың пікірлерінің әртүрлілігі.

Құқықтың жалпы теориясы құқықты тану әртүрлі әдістерді кешенді қолдану оның ақиқаттылығына табысты жетудің міндетті шарттары болып табылады.

Философияның ғылыми таным қағидаларын жасау, және де оның ұғымдары мен түсініктері жүйесі - юриспруденцияның ғылыми-әдістеме өзегі ретінде. Юриспруденция дамуының қазіргі кезеңінде юридикалық пәндер мен философияның одағын нығайту қажеттілігі. Құқықтың жалпы теориясы мен философия және басқа да нақты құқықтық ғылымдармен байланысы мен өзара әрекеттенуі механизмі. Құқық философиясы және оның ықпалында және оның тікелей қатысуымен қалыптасқан ұғымдар: еркіндік, ерік, әділеттілік, адамгершілік, теңдік және тең құқықтық.

Құқықтың жалпы теориясы әдістемесі, оның сол құқықтың жалпы теориясы үшін, және де нақты соның ішінде, салалық юридикалық пәндер үшін мәні. Құқықтың жалпы теориясы дайындаған ғылыми-әдістемелік қағидалардың сипаты, табиғаты, әрекет ету аясы және талаптары, олардың юриспруденция әдістеме жүйесінде алатын орны. Қазіргі кезеңдегі юриспруденцияның ғылыми-әдістемелік потенциалының қалыптасуына және дамуына құқықтың жалпы теориясының рөлінің белсенділігі.

Өзіндік ғылыми әдістемені дайындаудағы нақты құқықтық ғылымдар мен пәндердің ролі. Көзделген міндеттерді шешудегі құқықтың жалпы теориясы мен философия жетістіктерін олардың есепке алуы; өз пәніне тән ерекшеліктері мен айрықшылықтарына қарай ғылыми олардың әдістемеге қойылатын талаптар мен жалпы қағидаларды нақтылауы. Құқықты танудағы тарихилық қағида құқықтың жалпы теориясына деген тарихи-мемлекеттанушылық және тарихи-құқықтанушылық ғылымының жағымды әсер етуінің нәтижесі ретінде.

Философия, құқықтың жалпы теориясы мен нақты юридикалық пәндердің ғылыми-әдістемелік күшейтуді өзара байытуы - қарастырылып отырған ғылыми кешен мен ғылыми пәннің дамуының қазіргі кезең ерекшелігі.

Ғылымның партиялылық қағидасы және оның табиғатынан,

сипатынан және бағыттылығынан туындайтын қажеттілігі мынада, белгілі бір әлеуметтік топтың немесе белгілі бір таптың мүдделер мен тұтынушылығын үшін құқықтық құбылыстарды бағалаудағы қажеттіліктен шығады.

Ешқандай оларды қаралаусыз және әсемдеусіз, немесе олардың барлық кемшіліктері мен артықшылықтарымен құқықтық құбылыстарды тануда объективтілігі мен бейтараптылығы. Қазіргі кездегі юридикалық ғылымының әдістемелік көпшіліктің мәселелері.

Құқықтың жалпы теориясының қызметтенуіндегі іргелі және қолданбалы міндеттерінің үйлесуі, біріншісі екіншісінің алдында аса нақты басым көрініс тапқан жағдайда. Құқықтың жалпы теориясының іргелі міндеттерін табысты шешу - оның гуманитарлық және юридикалық білім жүйесіндегі ғылыми-әдістемелік және жалпы теориялық мәнін кәтерудің алғы шарты, ал оның қолданбалы міндетін шешу - құқықтық құрылыс тәжірибесі мен оның үзілмейтін байланысының көрсеткіші.

Ашық жүйеде оның зерттеуші-танымдық, интегративтік, бағдарлаушы, болжаушы, әдістемелік, гәрбиелік қызметі арқылы терең көрініс тапқан қоғам өмірі ісі жағдайына құқықтың жалпы теориясының ықпалы. Аталған қызметтерінің қалыптасуы мен дамуы диалектикасы: олардың біреуінің келескісінің орындалуы үшін қолайлы жағдайды тугызу, қалған қызметтердің жетістіктерін өзара пайдалану, жалпы міндеттерді және т.б. жүзеге асыру үшін әртүрлі қызметтер күшінің бірігуі.

Такырып 3. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және типологиясы

Алғашқы қауымдық құрылыс және онда адамдардың мінез құлқын реттеген әрекет етуші нормативтік жүйе. Оларды қоршаған табиғи жағдайлардан адамдардың тәуелділігі, өндірушінің өте төмен деңгейі. Адамдардың өмірін қамтамасыз етуші еңбек құралдары мен аспаптарының баяу дамуы, еңбектің ірі қоғамдық бөлінісі, еңбек қызметінің сипатына, материалдық қамтамасыз етілу деңгейіне, кәсібіне қарай тұрғындардың жеке топтамаға жіктелуі, тұтынушы экономиканың өндіруші экономикаға ауысуы және т.б.; оның қоғамдық қатынасты нормативтік реттеу сипатына, табиғатына және нысанына әсері.

Алғашқы қоғамның сол кездегі адамдардың оларды қоршаған әлемді жеке салаларға бөлместен қабылдау нәтижесі болып табылатын мононорма жүйесі (басқа ғалымдардың пікірі бойынша, - архаикалық, ежелгі нормалар жүйесі). Мононормалар әдет гүрыптардың, мораль нормаларының, діни догмалардың белгілерін өзіне органикалық үйлестірген және аталған әлеуметтік реттеушілердің белгілерінің бірлестігі ретінде. Қоғам дамуының белгілі кезеңінде мононорманың прогрессивті рөлі. Мононормалардың өзінің позитивтік потенциалын

жою және олардын дағдарыстық кезеңге ұшырауы. Мононормалар реттеп отырған қоғамдық қатынастардың өзара сәйкес келмеуінің күшеюі. Мононормалардан әдет-ғұрыптың, дәстүрдің, моральдың адамгершіліктің, діни рәміздердің бөлінуі және соңғылардың қатысты дара әлеуметтік реттеуші жүйені құруы. Құқық пайда болуының экономикалық, әлеуметтік және рухани алғы-шарттары. Қоғамның рулық тайпалық ұйымының мемлекетке қайта құрылуы - құқық пайда болуының маңызды шарты.

Алғашқы қауымдық қоғамның нормативтік жүйесінің өшу үдерісінің диалектикасы және оның құрылымдық құрамдас көптеген бөліктерінің мемлекеттік- ұйымдасқан қоғамның қалыптасып жатқан құқықтық жүйесіне баяу көшуі. Алғашқы қауымдық қоғамның нормативтік жүйесінің құқыққа алмасу үдерісіндегі жаңалық пен мирасқорлықтың үйлесуі. Құқыққа дейінгі реттеу жүйесінен құқықтық жүйеге ауысу кезінде аралық-өтпелі нысанды пайдалану, олардың қарастырылып отырған үдерісті жеделдету, терендету және аяқтаудағы рөлі.

Өзінің жаңа жағдайға бейімділігін, көлемділігін және тиімділігін танытқан құқыққа дейінгі нормативтік институттарды және бекітулерді жаңадан пайда болған мемлекеттің сақтауы. Мемлекеттің пікірі бойынша, жаңа жағдайға толық жауап беретін жаңа институттар мен бекітулерді олардың толықтыруы, және де мемлекеттің жүргізетін саясатына жеткілікті бейімделмеген нормалар мен бекітулердің “іріктелуі”.

Алғашқы қауымнан мемлекеттік-құқықтық құрылыс кезеңге көшуде қоғамдық қатынасты реттеудегі қалдырылған із, яғни жоғарыда көрсетілген үдерістердің ұзақтылығы.

Құқықтың пайда болуының негізгі теориялары: теологиялық, патриархалдық, келісімдік, күштеу, диалектикалық-материалистік. Оларды салыстырмалы талдау. Құқықтың пайда болуының класстық теориясының біржактылығы және олардан туындайтын біреудің (қоғамды тапқа бөлу, таптық қайшылықтардың бітімгершілікке келмейтіндігі) абсолюттендірілуі және басқалардың рөлін (әлеуметтік үдерістердің тұрақты күрделенуі, өзекті, өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін барлық адамдардың бірігуі, ымырашылдық (консенсус) іздеу және өзара қабылданатын келіскен шешімге келу) елемей факторлары.

Құқықтың өмір сүру, қызмет ету және дамуының ұзақтылық сипаты және осыған байланысты олардың кезеңге бөліну қажеттілігі. Кезеңге бөлудегі ғылыми өлшемдер.

Қоғамның құқықтық өмірін кезеңге бөл>те деген хронологиялық көзқарас. Ежелгі элем, орта ғасыр, жаңа және жаңа заман құқығы. Қоғам дамуындағы өзгерістерге орай құқықтағы өзгерістер.

Құқық типологиясындағы формациялық негіздер. Қоғамдық-экономикалық формация туралы ілімдер және құқық сипаты,

анатомиясы және бағыты туралы мәселелерге түсініктеме берген кезде онын жағдайын есепке алу. Құлиеленушілік, феодалдық, буржуйлық, социалистік құқық; олардың ерекшеліктері және өзіне тән белгілері. Құқықтың тарихи типтерінің ауысуы. Бір типтің екінші типке өтудің эволюциялық және революциялық жолдары. Өтпелі қоғамның (транзиттік) құқығы.

Құқық эрекеттенетін өркениет типі бойынша құқық типологиясының өркениеттік негіздерін қолдану қажеттілігінің пайда болуы. Батыстық, мұсылмандық, қытайлық, далалық және т.б. өркениет түрлері және олардың эрекет етуші құқықтың мазмұнына, табиғатына, ықпал ету тиімділігіне және даму бағытына әсері.

Құқық типологиясына деген формациялық және өркениеттік көзқарастарының біржактылығын жеңудің маңыздылығы және олардың талаптарының органикалық үйлесуі.

Тақырып 4. Құқықтың мәні және әлеуметтік тағайыны

Құқық түсінігіне эртүрлі көзқарастар - табиғигылымдылық, таптық, тәңірлік пайда болу ұстанымы; оларды бағалау. Құқықты адами құндылықтар ұстанымы жағынан зерттеу және түсіндіру қажеттігі.

Құқық түсінушіліктің қазіргі ғылыми жағдайы. Құқыққа деген қазіргі көзқарастардың қалыптасуына және дамуына құқықтың нормативтік мектебінің, құқық туралы әлеуметтік ілімінің, құқықтың табиғи, психологиялық, тарихи, позитивтік теорияларының және басқа да юридикалық ойлар ағымдарының ықпалы. Құқықғы түсіндірудегі юриспруденцияның дәстүрлі көзқарастары (“тар нормативтік”; позитивтік, яғни “құқыққа деген кең көзқарас”, оған құқық нормасынан басқа құқықтық қатынас, субъективтік құқықтарды және заңды міндеттерді де жатқызады) және қарастырып отырған мәселе бойынша қазіргі (құқықтың либертарлық-юридикалық теория) ағымдар; оларды салыстырып талдау және мәнділігін бағалау.

Қазіргі құқық түсінушілік - саяси-құқықтық ойлардың маңызды жетістігінің көрініс табуы. Құқықтың түп тамыры (генезис) және құқық түсінігін анықтау барысында оның ерекшелігін есепке алу. Құқықтың мазмұндық және мәндік сипаттамасы.

Құқықты бағалау әлемдік өркениеттің ең көрнекті жетістігі ретінде және қоғам алдында тұрған міндетті шешу тиімді құралы ретінде. Құқықты қолдану және пайдалану үдерісінде құқықтың жетістіктері мен кемшіліктерін есепке алу қажеттілігі.

Құқықтың нормативтілігі, оның жалпыға міндеттілігі, формальды анықталғандығы, жүйелілігі, еркіндік сипаты. Мемлекет пен құқықтың үзілмейтін органикалық байланысы. Объективтік құқық және субъективтік құқық, олардың ара қатынасы.

Мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамда құқықтың эрекеттенуінің объективтік қажеттілігі. Ф.Энгельс қоғамдық дамудың белгілі кезеңінде пайда болған жалпы ереже бойынша күннен күнге қайталанатын бөлініс, өндіріс актілері және айырбастауды қамтитын

тұтынушылық туралы. Қоғамның өндірістік-экономикалық, саяси-элеуметтік және рухани өміріндегі құқықтың рөлінің күшін негіздейтін факторлар. Құқық еңбектік, мүліктік, отбасылық және т.б. қатынастарды нормативтік реттеу, мемлекеттік органдардың қызмет тәртібін бекіту, олардың арасындағы міндеттерді бөлу және шектеу, азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау және қамтамасыз ету кепілдігін бекіту, мемлекеттік құрылысқа, тұрғындардың мүддесіне, заңдылыққа, құқықтық тәртіпке бағытталған қауіппен күресу бағытын анықтау құрал ретінде.

Құқықтың реттеуші, қорғаушы, юрисдикциялық, бақылаушы, бағдарлаушы және көтермелеуші қызметтері (функциялары). Құқықтың тәрбиелік және ақпараттық ықпалы. Құқықтағы “міндетті” және “тән” бастамалардың үйлесу диалектикасы. Құқық пен заңды айыру қажеттілігі.

Әлеуметтік мүдде мен тұтынушылықтың құқықпен жанама байланысы. Құқық дамуындағы қайшылықтар және оларды шешу жолдары.

Жаһандандыру кезеңдегі қоғамдық қатынасқа құқықтың реттеуші және басқа да ықпал етуінің мазмұны: бір тұлғаға құқықтық өкім берілуі, келесі тұлғаға міндеттің жүктелуі, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту.

Құқық елдің барлық тұрғындарының (немесе көпшіліктің) мүддесіне, немесе қоғамдағы билеуші жоғарғы топтың, билеуші таптың, әлеуметтің мүддесі үшін әрекет ететін мемлекеттің еркінің көрінісі. Құқықтың әлеуметтік базасының және оның тұғыры аясының баяу кеңейуі - қазіргі құқықтық дамуының бірден бір тенденциясы. Құқықтағы жалпыәлеуметтік және таптық бастамасының үйлесуінің пропорциясындағы өзгеріс: біріншісінің басымдылығы және екіншісінің әлсіреуі. Барлық тұрғындардың немесе олардың көпшілігінің мүддесі және еркі құқықта көрініс табуымен байланысты міндетті шешуде әр елдің прогрессивтік күшін жұмылдыру. Жалпы ерік, бұқаралық ерік, қоғамның барлық мүшелерінің еркі: олардың ара қатынасы және тұтасу нысандары. Қоғамда әлеуметтік-арбитраждық қызметті (функция) орындау жолымен келісімге және ымыраға жету, сонымен қоса әлеуметтік, ұлттаралық, дінаралық тұрақтылыққа жету және конфронтация мен дау-дамайдың алдын алу құқысының мақсаты.

Құқық бостандықтың және әділеттіліктің өлшемі ретінде. Құқықтың басты мақсаты жеке, топтық, таптық, ұлттық және басқа да социумдық мүдделерді қанағаттандыру үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету. Құқықтың жалпы мәні мен әлеуметтік айырмашылығының мақсатқа лайықтылығы туралы ғалымдардың пікірлерін (О.Э. Лейст) бағалау.

Такырып 5. Құқықтың әрекеті, құқықтық ықпал ету және құқықтық реттеу

Қоғамдағы әрекет етуші, қалыптасқан және дамушы әлеуметтік реттеушілердің саналуандығы. Қоғамның әлеуметтік нормаларының жіктелуі, олардың техникалық нормалардан айырмашылығы. Әлеуметтік реттеу жүйесіндегі құқықтың үлгі ролі.

Қазіргі кездегі құқықтық норма-ларды гуманизациялау проблемалары.

Адамдардың жүріс тұрысын реттеу үдерісіндегі құқықтық, моральдық және адамгершілік нормалардың өзара қатынас нысандары. Моральдық зиян келтірген үшін шығынын сот арқылы төлету құқықтық ұйғарымы. Тұрғындардың адамгершілігін қорғау туралы Қазақстан Республикасы Конституциясында.

Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің ерекшеліктері оларды құқықтық нормалармен салыстыру; тәжірибеде оларды қолдану аясын шектеу. Құқықтық (мемлекетпен санкцияланған) әдет-ғұрып; әдет-ғұрып құқығы. Кейбір адамдардың жеке құқықтық нормаларды әдеттегідей орындау - оларға әдет-ғұрыптардың ықпал ету нәтижесі ретінде. Реакциялық және консервативтік әдет-ғұрыптар мен құқық арасындағы күрес.

Қоғамдық ұйымдар шығаратын нормалардың реттеушілік ролі және олардың құқықтық нормалармен ара қатынасы. ҚР Конституциясындағы қоғамдық ұйымдар нормаларынан құқықтан қашықтығы туралы. Саяси партия нормалары және олардың көппартиялық жағдайдағы әрекеттенуі.

Діни нормалар, олардың ерекшеліктері, діннің қайта жаңғыруымен және діни ұйымдардың жандануымен байланысты олардың әрекетінің күшеюі. Осы үдерістердегі құқықтың ролі. Діни экстремизммен құқық нормаларының күресі.

Қазіргі кездегі құқықтық нормаларды гуманизациялау проблемалары. Құқықтық реттеу мен құқықтық ықпал етудің арақатынасы.

Құқықтық реттеу механизмі мемлекет үшін тиімді бағытта дамитын қоғамдық қатынасты қамтамасыз ететін бір бірімен өзара байланысты және өзара әрекеттенетін юридикалық құбылыстар жүйесі ретінде. Құқықтық реттеу және оның қалыптасқан механизмінің құқықтың ақпараттық, тәрбиелік, әлеуметтік-психологиялық ықпал ету және оның қалыптасқан механизмінен айырмашылығы.

Құқықтық реттеудің негізгі элементтері: құқық нормасы, заңды деректер, құқыққолдану актілері, құрамына субъективтік құқық және объективтік міндеттер кіретін құқықтық қатынас, сонымен қоса басқа да құқықты іске асыру актілері. Олардың юридикалық сипаты және бағалануы. Корсетілген элементтердің әрекеттену кезектілігі, кез келгені осы үдерістің белгілі бір кезеңін басымдылықпен бейнелейді.

Құқықтық реттеудің кейбір сатыларында - салалық және салалық, шарттық және нормативтік, мейлінше қолайлы режим, әрекетті шектеу режим және т.б. анықталған құқықтық режимдерді

бекіту және сақтау. Реттеу үдерісінде құқықтың юридикалық котермелеу, жеңілдіктер, қолдаулар, сонымен юридикалық қысқартуларды қолдану.

Қоғамдық қатынаста құқықтық реттеу механизмін әрекетінің тиімділігі. Тиісті шараны қабылдауда ұзақ ұстап қалуды, үзілісті болдырмау, тіпті қорсетілген юридикалық себегі салдар мен нәтиженің туындауына толық кедергі тигізбеу. Құқықтық реттеудің барлық салаларының қызмет етуі, ымыраға келуі және үйлесуі - құқық әрекеттенуінің маңызды шарты. Құқықтың қоғамды экономикалық, қаржылық, азық- түліктік тоқырау мен оның салдарынан шығару мүмкіндіктерін пайдалану.

Тақырып 6. Құқықтың қайнар көздері және құқық нормасы

Құқық нормасы адамдардың мінез құлқының жалпы ережесі ретінде, олардың әрекеті мен қылықтарының үлгісі, олшемі, бағалану масштабы ретінде. Құқық нормасы белгілері - оның жалпыға міндеттілігі, әрекетінің көп қайталанбалылығы, мемлекеттік мәжбүрлеу шарасымен қамтамасыз етілуі, ұсынушы - міндеттеушісіпаты. Құқық нормасының жеке құқықтық талаптар мен ұйғарымнан және де ұсыныстан, кеңестен, шақырудан айырмашылығы.

Құқық нормасы құрылымы. Диспозиция құқық нормасының басты құрылымдық бөлігі ретінде және адамдардың әрекеті мен қылықтарын реттеудегі жетекші рөлі. Құқық нормасының гипотеза мен санкциясының қызметтік тағайындалуы. Құқық нормасының диспозиция, гипотеза және санкцияның негізгі түрлері.

Нормативтік құқықтық актілер баптарында құқық нормаларының орналасуының таралған тәсілдері. Құқық нормасының кейбір құрылымдарының орналасу нысаны олардың нағсыз мазмұнымен сәйкес келмеуінің кездесуі. Құқыққолданушы субъектілердің нормативтік ұйғарымның, кейде оның текстуралдық нысанымен сәйкес келмейтін жағдайда, мағынасын дұрыс құру дағдысы. Нормативтік құқықтық актілер баптарында құқық нормасының тікелей, бланкеттік және сілтемелік орналасу тәсілдері.

Құқық нормасы түрлері. Құқық нормасын жіктеу өлшемдері: заңды күші, адамдардың мінез құлқына ықпал ету тәсілдері (міндеттеу, тыйым салу, рұқсат ету), реттеу пәні мен әдістері, әрекеттену аясы. Императивтік және диспозитивтік нормалардың ерекшеліктері.

Юридикалық және материалдық мағынасында құқық қайнар көздері туралы теоретик-құқықтанушылардың көзқарастарының эволюциясы. Материалдық мағынасындағы (экономикалық және басқа да қоғамдық қатынастар жүйесі; заңға енгізілген мемлекет еркі) құқықтың қайнар көздерінің түрлері. Юридикалық мағынасындағы (құқықтық әдет-ғұрып және әдет-ғұрып құқығы, соттық және әкімшілік прецеденттер және прецеденттік құқық; нормативтік құқықтық актілер; юридикалық доктрина және комментариилер; ішкі мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық - нормативтік мазмұнды шарттар;)

құқық қайнар көздерінің түрлері. Осы проблеманы түсіндіру және ашу барысында құқық қайнар көздері түсінігінің көрсетілген екі мағынасының үйлесу қажеттілігі.

Құқық қайнар көздерінің оның нысанымен ара қатынасы. Мемлекеттің құқықтық қызметінің нысандары және оның органдары: құқықшығармашылық, құқыққолданушылық, құқыққорғаушылық. Құқық қоғамдағы қалыптасқан элеуметтік- экономикалық құрылым нысан ретінде. Заңдар, жарлықтар, декреттер және басқа да нормативтік құқықтық актілер оларда құқық нормасын шоғырландырған нысан ретінде және заңға мемлекет еркін енгізген нысан ретінде.

Құқық қайнар көздері жүйесіндегі нормативтік құқықтық актілердің алатын орны, оларды құқықтық әдет-ғұрыптан, соттық және әкімшілік прецеденттермен, нормативтік мазмұнды шарттармен салыстыру. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі белгілері және олардың қолдану актілерінен және құқыққа түсінік беруден және басқа да жеке құқықтық актілерден айырмашылығы.

Нормативтік құқықтық актілерді әртүрлі елшемдер (заңды күші бойынша, оларды қабылдаған субъектісі, әрекет ету аясы және қамтылуы және т.б.) бойынша жіктеу. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы және бағыныштылығы, олардың өзара келісімділігі.

Мемлекеттің құқықтық жүйесіндегі заңның жетекші орны. Заң және құқық: сәйкестілігі және айырмашылығы. Заңның үстемділігі және оған барлық заңға бағынышты актілердің сәйкес келуі. Заңдардың түрлері - негізгі, конституциялық, кодекстер және өтпелі (ағымдағы). Заңнамалық актілер және олардың түрлері.

Заңға бағынышты нормативтік құқықтық актілердің саналуандығы. Парламенттің, Президенттің, Үкіметтің, сот органдарының, министрліктердің, ведомствалардың, маслихаттардың, әкімшіліктердің актілері.

Конституциялық Кеңестің, Орталық басқарудың актілері және олардың ерекшеліктері.

Нормативтік құқықтық актілерді басылымға беру және күшіне енгізу процедурасы. Олардың уақыт бойынша, кеңістікте, адамдар арасында әрекет етуі.

Заңның және басқа да нормативтік құқықтық актілер кері күші. Заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің кері күші болмайтын жағдаяттар.

Тақырып 7. Құқықшығармашылық үдеріс пен құқықты жүйелеудің қазіргі кездегі тәжірибелері

Құқықшығармашылық - құқықты қалыптастыру үдерісінің дінгегі, құқықты құру тәсілі. Құқық сапасы құқықшығармашылық әрекетін өткізу деңгейі және олардың кезектілігін сақтаумен байланысты. Құқықшығармашылық қағидалары: демократизм, заңдылық, кәсібилік,

тұрғындардың мүддесін ескеру, нормативтік құқықтық актілер жобасын талқылауға азаматтарды тарту.

Құқықшығармашылық (заңшығармашылық) үдерісінің кезендері. Заңнамалық бастама, оның субъектілері, олардың құқықтары мен өкілеттіктері. Заң жобасын әзірлеу, оларды парламентке енгізу және кең талқылау. Заңды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдау. Оларды жариялау тәртібі. Референдум және плебисцит халықтың тікелей құқықшығармашылық нысаны ретінде; оны өткізу тәртібі мен процедурасын сақтау.

Заңнаманы жүйелеу оның қалыпты күйін қолдау құралы, оның өмірден қалыспауының алдын алу және тәртіпке келтірілген құралы, қоғам дамуының нәтижесінде жетілген тұтынушылыққа сай келтіру құралы ретінде. Заңнама кодификациясы, консолидациясы және инкорпорациясы ерекшеліктері. Кодификация актілері: кодекстер, заңнама негіздері, ережелер, жарғылар. Консолидация актілері: заңдар жинағы. Жинақтар, жаршылар және басқа да инкорпорацияланған заңнамалардың көрініс табу нысандары.

Заңдық (юримдикалық) техника және оның заңнаманы жүйелеу мен құқықшығармашылық сапасын қамтамасыз етудегі орны. Заңнаманы жүйелендірумен, аталған шараны өкізу барысында қолданылатын ұғымдар мен түсініктерді біртектендіру туралы талапты сақтаумен байланысты кейбір процедураларды компьютерлендіру. Құқықшығармашылық пен заңнаманы жүйелендіруге деген кешендік көзқарас.

Тақырып 8. Құқықтық қатынастарды зерттеудің әдістемелік мәселелері

Құқықтық қатынас қоғамдық байланыстың юримдикалық нысаны ретінде. Экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани және басқа да қоғамдық қатынастар және олардың құқықтық реттелуі. Құқықтық қатынас құқықтық норма тапалтарын жүзеге асыру тәсілдері ретінде. Құқықтық қатынасты субъектілері, объектілері, мазмұны, құқық салалары бойынша жіктеу. Реттеуші және қорғаушы, абсолютті және қатысты құқықтық қатынастар, олардың айрықша белгілері мен ерекшеліктері.

Құқықтық қатынас субъектілері және олардың жіктелуі. Жеке адамдар (азаматтар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар), мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер құқықтық қатынастар субъектілері ретінде. Жеке және заңды тұлғалар. Мемлекет құқықтық қатынастың ерекше субъектісі ретінде. Құқықсубъектілік қоғамдық юримдикалық қасиет ретінде, оның сипаты, бағыты және құрылымы. Құқыққабилеттілік, әрекетқабилеттілік, деликтқабилеттілік; оларға сипаттама. Құқықтық мәртебе. Құзырет.

Құқықтық қатынастың юримдикалық мазмұны - құқыққа қатысушы тараптардың субъективтік құқықтары мен заңды міндеттері, олардың корреспонденттік байланысы. Субъективтік құқық және заңды

міндеттердің мазмұны мен құрылымы.

Тақырып 9. Юридикалық тәжірибе мен юридикалық процесс

Юридикалық тәжірибе әлеуметтік тәжірибенің бір түрі ретінде. Юридикалық тәжірибе және құқықтық ақиқаттылық. Юридикалық тәжірибе құрылымы. Әлеуметтік- құқықтық тәжірибе. Юридикалық әрекеттер. Юридикалық тәжірибенің объектісі. Юридикалық тәжірибе қатысушылары. Юридикалық тәжірибенің Юридикалық тәжірибенің құралдары мен тәсілдері. Юридикалық тәжірибенің нәтижелері. Юридикалық тәжірибенің түрлері. Юридикалық тәжірибенің нысандары. Юридикалық тәжірибеін функциялары. Қазақстандағы юридикалық тәжірибені жетілдіру жолдары.

Юридикалық процестің және мазмұны. Құқықтық процедуралар мен соттық процедуралардың түсінігі. Соттық процедуралардың сатылары. Юридикалық процесс құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекеттің кепілі ретінде. Юридикалық процестің салалық түрлерінің мәселелері.

Тақырып 10. Құқықтық іске асыру

Құқықты іске асыру құқықтық талаптарды өмірге әкелуді сипаттайтын, құқықтық реттеу үдерісінің барлығын аяқтайтын кезең ретінде. Құқықты іске асырудың көп түрлілігі. Қарапайым (тікелей) нысандары: құқықты сақтау, орындау, пайдалану. Құқықпен тыйым салынған әрекеттерден ұстану. Құқықты іске асырудың күрделі нысандары: субъективтік құқықты жүзеге асыру және құқықтық қатынас субъектілерінің юридикалық міндеттерін орындау; құқыққа қайшы әрекеттерді бұлтартпау. Құқықты іске асырудың күрделі нысанында заңды және деректі сатыларды айыру. Қолдану кейбір құқықтық нормаларды іске асырудың күрделі нысанының бастапқы сатысы ретінде. Құқықсыз іске асырушы қызметінің көлемін анықтаған кезде әр құқықтық норма әрекетінің қайталанбалылығын есепке алу және оның сомалық нәтижесі. Құқықты іске асыру мен құқықтық реттеудің ара қатынасы. Құқықты іске асыруды дұрыс және толық ұйымдастырушы-юридикалық камтамасыз ету.

Құқық нормасын қолдану - оны іске асырудың бастапқы арнайы нысаны ретінде. Құқыққолдану қызметін барлық нормаларға емес тек кейбір нормаларға қолдану мүмкіндігі. Нақты өмірлік жағдайға құқық нормасын қолданатын субъектілер (мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар, сонымен қоса мемлекеттің өкілі, қоғамдық бірлестіктер); құқық нормасын кейбір азаматтардың қолданбаушылығы. Құқық қолдану қызметін жүзеге асыруда қажеттілік туындайтын оқиғалар. Құқық нормасын қолдану үдерісінің сатылары (норманы қолдануға тиісті оқиғаның деректі жағдайын анықтау, оның юридикалық қасиетін және ақиқаттылығын тексеру, шешім қабылдау және оны құжаттандырып рәсімдендіру). Құқықтық норманы қолдану актілері, олардың түрлері және белгілері. Заңдылықты және негізділігін камтамасыз ету, оның тиімділігін

көтеру.

Құқық нормасына түсінік беру олардың талаптарын және ұйғарымын дұрыс колдану, орындау, жүзеге асыру алғы шарты ретінде. Құқық нормасына түсінік берудің түрлері: құқық нормасының юридикалық мазмұнын ұғындыру (филологиялық, логикалық, жүйелілік, тарихи-саяси) ретінде; талданатын норманы түсіндіру (ресми және бейресми, нормативтік және казуальдық, аутентикалық; доктринальдық) ретінде, талданатын қызметтің қорытындысын шығару талқылау (сөзбе сөз, таратушы, шектеуші) ретінде.

Құқықтағы актандақтар және оның орнын толтыру тәсілдері. Заңдағы ұқсастық және құқықтағы ұқсастығы. Қылмыстық құқықта ұқсастықты қодданбаушылық. Юридикалық коллизиялар.

Құқықты талқылау актілері. Құқықты талқылау актілері мен (антерпретациялық актілер) нормативтік құқықтық актілердің арақатынасы. Құқық нормасы, нақтылайтын ережелер, интерпретация. Юридикалық тәжірибе талқылау мен нақтылауға бағытталған актілер.

Тақырып 11. Құқыққа түсінік беру : түсінік беру актілері мәртебесі және жіктеуге қатысты мәселелері

Құқыққа түсінік берудің түсінігі, қажеттілігі және маңыздылығы. Ұғыну мен түсіндіру. Құқыққа түсінік берудің тәсілдері: грамматикалық (лингвистикалық), функционалдық, тарихи, жүйелік, логикалық, теологиялық.

Құқыққа түсінік берудің түрлері. Құқықты талқылау түрлерін жіктеу өлшемдері. Құқықты ресми және бейресми талқылау. Нормативтік құқықтық актілерді тапқылауға құқығы бар мемлекеттік органдар. Халықаралық шарттарды талқылау. Құқықты бейресми талқылау түрлерінің құқықтық сананың түрлерімен байланысы. Құқықты нормативтік және казуалды талқылау. Құқықты көлемі бойынша талқылау түрлері.

Тақырып 12. Адамның құқықтық мәні бар жүріс-тұрысы

Адамдардың жүріс-тұрыстарының құқықтық ұйғарымдарына сәйкестенуін қамтамасыз етуі - құқықтық реттеудің ең маңызды міндеті. Құқыққа сай жүріс-тұрыс юридикалық норма ұйғарымдарына жауап беретін және олармен шиеленіске түспейтін жүріс тұрыстар ретінде. Оның мемлекет және оның мүшелері үшін пайдасы. Құқыққа сай әрекеттердің түрлері: бәсең, карапайым, белсенді. Құқыққа сай жүріс- тұрыстарының құрылымы: объективті және субъективті жақтары, субъекті мен объекті жағдайының ерекшеліктері. Құқыққа сай жүріс-тұрыс ниеттеріне сипаттама: құқықтық ұйғарымды дұрыс түсінуі, заңды жауапкершіліктен қорқу, конформизм және заңды қадірлеушілік, маргинальдық сананың және жеке тұлғаның бет пішінін құрамдасы, адамдардың қимылына және әрекет тандауға оның әсері.

Құқықтық қатынас нысанын қабылдаған құқыққа сай жүріс-тұрыс, және осындай нысаннан тыс құқыққа сай жүріс-тұрыстар. Құқықтық қатынас құрылымына енген еңбегіне байланысты адамның нақты

кимылының сипаты.

Құқықбұзушылық құқыққа қарсы сипатты элеуметтік жүріс-тұрыстан тысқарланған нысаны ретінде. Құқықбұзушылықтың негізгі белгілері. Құқықбұзушылықтың юридикалық құрамы (субъект, объект, субъективті жағы, объективті жағы). Құқықбұзушылықтағы себп пен салдардың байланысы.

Құқықбұзушылықтың түрлері: қылмыс, әкімшілік және тәртіптік бұзушылық, азаматтық құқықбұзушылық. Құқықбұзушылықтағы себепті байланыс пен зиянның байланысы. Құқықбұзушылықтың түрлері: қылмыс, әкімшілік және тәртіптік қылықтар, азаматтық құқықбұзушылық. Қылмыстың қоғамға қауіпті сипаты; қылмыстық емес құқықбұзушылық зияны дәрежесі.

Қазіргі қоғамдағы қылмыстылықтің негізгі құқықбұзушылықтың элеуметтік табиғаты. Қылмыстылық пен құқықбұзушылықтың экономикалық, элеуметтік-саяси, рухани себептері және оларды жеңудегі құқықтың рөлі.

Тақырып 13. Заңды жауапкершілік құқық институты ретінде

Заңды жауапкершілік қылмыспен, қылмыстық емес құқықбұзушылықпен күресу факторы ретінде, олардың алдын-алу және қысқарту. Заңды жауапкершіліктің түсінігі және белгілері. Заңды жауапкершіліктің белгілері және оның мемлекеттік мәжбүрлеу және қоғамдық-моральдық жауапкершілікпен ара қатынасы. Позитивті және ретроспективті жауапкершіліктің тұжырымдары.

Заңды жауапкершіліктің қағидалары мен функциялары. Заңды жауапкершілік түрлерінің жектелуі.

Қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершіліктің ерекшеліктері. Заңды жауапкершілікке тартудың негіздері (құқыққа қайшылық, зиян, кінә және себепті байланыс) және одан босату. Заңды жауапкершілік және құқықтық санкциялар. Кінәсіздік презумпциясы - құқықтық өркениетке қадам басу. Позитивті және ретроспективті жауапкершілік және оның құқықбұзушылықты қысқарту мен еңсерудегі рөлі.

Тақырып 14. Қазіргі кезеңдегі құқықтық сана мен құқықтық мәдениет

Құқық пен құқықтық сананың үздіксіз байланысы. Олардың алдында тұрған міндеттерді шешуүдерісіндегі олардың өзара әрекеттенуін негіздейтін факторлар.

Құқықтық сана қоғамдық сананың нысаны ретінде ерекшеліктері. Оның қоғамдық сананың саяси, моральдық, діни және басқа да нысандарынан айырмашылығы. Құқықтық санада қоғамдық үдерістің, соның ішінде құқықтық өмірдің бейнеленуі.

Құқықтық сана құрылымы, құқықтық идеология және элеуметтік-құқықтық психология белгілері. Олардың элеуметтік болмыста бейнелену тереңдігі және сипаты бойынша өзара айырмашылығы, құрылымдық бөліктері мен құрамдас элементтерінің ара қатынасы.

Қоғамдық, таптық, топтық және индивидуальдық құқықтық сана. Теориялық және күнделікті құқықтық сана. Заңгерлердің кәсіби құқықтық санасы. Олардың бір біріне әсер етуі, олардың өзара қайшылық туындау мүмкіндігі.

